10	Әкімшілік қызметкерлерінің жалақысы
11	Еңбек төлемдерінің қорынан аударымдар
12	Өкілеттік шығындар
13	Канцелярия, баспахана шығындары
14	Байланыс қызметі (диспетчерлік, ұялы)
15	Нысанды күзету шығындары (дабыл қағу қызметі)
16	Қоршаған ортаны қорғау
17	Аспаптарды тексеру
18	Өрттен қорғау қызметі
19	Мекемеден тыс күзет
20	Қызметтер(дезинфекциялар)
21	Темір жол шығындары
22	Автокөлік қызметі
23	Сақтық қызметі
24	КЕГОК ұлттық компаниясы қызметі
25	Автоинспекция қызметі
26	Нормативті санды есептеу қызметі
27	Маман дайындауға шығындар
28	Аудиторлық қызметі
29	Банк қызметі
30	Әлеуметтік салаға шығын
31	Басқа шығындар
32	Кіріс

3.3 Күрделі салымдар тиімділігі көрсеткіштерін есептеу

Қаржы салу (инвестиция) жобасының экономикалық тиімділігінің негізгі көрсеткіштеріне мыналар жатады:

- келтірілген таза кіріс;
- қайтару мерзімі;

- кірістің ішкі нормасы;
- пайдалылығы (рентабельность).

Келтірілген таза кірісті есептеу.

Келтірілген таза кіріс мына 3.3 формуласымен анықталады:

$$W_{год} = \sum_{i=1}^{9} R_i \cdot v^i \qquad (3.3)$$

мұндағы R_i – таза кіріс шамасы;

n – жылмен есептелетін период;

v^i – салыстыру ставкасындағы дисконт көбейткіші g ($g = 9\%$) келесі формуламен анықталады:

$$v^i = (1+q)^{-i}. \qquad (3.4)$$

Таза кіріс шамасы келесі формуламен анықталады:

$$R = W_{год} \cdot 0{,}1 \cdot C_{ЭЭ} \cdot \kappa_н, \qquad (3.5)$$

$$R = 570000 \cdot 0{,}1 \cdot 5{,}9 \cdot 0{,}8 = 269{,}04 \text{ млн.тг.}$$

мұндағы $W_{\text{год}}$– шығарылатын өнімнің жылдық көлемі;

$C_{ээ}$ – өндірілетін электр энергиясының өзіндік құны;

к – корпоративті салықты есепке алатын коэффициент.

Дисконт көбейткішін есептейміз, нәтижелер 3.7 кестесінде келтірілген.

3.7 кесте – Дисконт көбейткішінің мәні

i,жыл	1	2	3	4	5	6	7	8	9
v^i	0,917	0,842	0,779	0,708	0,65	0,596	0,547	0,502	0,46

Осы 3.7 кестесі көмегімен ТЭЦ арналған келтірілген таза кірісті есептейміз, нәтижелер 3.8 кестесінде келтірілген.

3.8 кестесі – ТЭЦ арналған келтірілген таза кірісті анықтау

жыл (i)	кірістер ЧПР$_{\sum(R_i)}$, млн.тг.	Шығындар (R_i), млн.тг.	v^i	$R_i \cdot v^i$млн. тг.
1	0	-1531	0,917	-1404
2	269,04	0	0,842	-1177
3	269,04	0	0,779	-968
4	269,04	0	0,708	-758
5	269,04	0	0,65	-568
6	269,04	0	0,596	-393
7	269,04	0	0,547	-233
8	269,04	0	0,502	-85,4
9	269,04	0	0,46	49,6

Қорытынды: жоба 8 жыл және 134 күннен соң кіріспен өз шығынын өтейді.

Аталған ТЭС экономикалық көрсеткіштерін есептегенде аталған станцияның салған қаржыны өтеу мерзімінің аз екені байқалды, ол шамамен 8,3 жыл екенін көрсетті, бұл жобаның тиімді екенін білдіреді. Ал 1 кВт электроэнергиясына кететін құны станцияның өнімдерін сату байланыстарына шығу мүмкіндігін береді, ол нарық қатынастарына да түсе алады, сондықтан осы ТЭС құрылысы тиімді деп айтуға болады.

4 Тіршілік қауіпсіздігі

4.1 Өндірістік шудан қорғану

Технологиялық құрал жабдықтардың шуы адам денсаулығына нашар әсер етеді. Ұзақ уақытқа созылған күшті дыбысты шулар жүрек-тамыр ауруларына себеп болады және жүйке жүйесіне де теріс әсер етеді. Олар әртүрлі үдерістерде: механикалық (соққылар, дірілдер, үйкелістер), аэродинамикалық (қысылған ауа немесе газ аққандағы және тозаңшашқыштардағы (форсунки) сұйық немесе шашыраңқы отындарды жағу кезіндегі газдарда болатын стационар емес үдерістер), гидродинамикалық (сұйықтар ағуы) және электромагниттік (электр жабдықтарындағы айнымалы магнит өрістері) пайда болады.

Қазіргі кезде қоршаған ортаны қорғау мәселесі мен адам денсаулығына жылу электр станциялары әсер ететін зиянды өндірістік факторлардың әсерін әлсірету мәселесіне көп көңіл аударылуда. Шу сондай факторлардың біріне жатады. Шудық ластану химиялық заттардың лақтыруларының, соның ішінде радиобелсенді, электрмагнитті, иондық және де басқа физикалық әсерлер сияқты қоршаған ортаға жаман әсерін тигізетіні анықталып отыр.

Қазіргі кезде энергетика дамуының болашағы бар бағыттарының біріне газ құбырлы қондырғыларды пайдалану бағыты жатады. Ол қондырғылардың қайтадан пайдалануды іске асыратын қазандықтары бар. Бұндай қазандықтары бар газ жылу қондырғыларының жағымсыз экологиялық факторларының біріне төңірегіндегі ауданға күшті шу шығару көрсеткішін атап өткен жөн. Бұл газ жылу қондырғылары энергетикалық жабдықтардың ішіндегі тұрақты шу шығаратын қуатты көзі болып табылады. Ал энергетикалық нысандардың көпшілігі қала аумағында орналасатындықтан, шу шығару аумағында тұрғылықты халықтың көпшілігі оның зиянын сезеді.

Сондықтан қайтадан пайдалануды іске асыратын қазандықтары бар газ жылу қондырғыларының шу шығаруын бәсеңдету мәселесі ерекше өзекті болып тұр.

Шу шығаруды азайту мәселесінің теориясы мен практикалық сұрақтарымен көптеген Ресей ғалымдары: Е.Я. Юдин, А.И. Белов, Н.И. Иванов, Г.Л. Осипов, О.Н. Поболь, А.С. Терехин, И.Е. Цукерников, Л.Р. Яблоник, Г.А. Хорошев, Ю.И. Петров, олардың батыс әріптестері: Л.Беранек, М.Л. Муньял, Ф.П. Мехель, М. Хекл, Х.А. Мюллер және басқалары айналысқан.

Газ жылу қондырғыларының шу шығаруының бірнеше түрлері бар: ол қондырғылардың ауадан алу трактысы бойынша, газ құбыры корпусынан шығатын шу, тракттан шығу шуы сияқты болып бөлінеді. Бірінші көрсетілген шудың екі түрі кеңінен зерттелген және олардағы шуды азайтуға арналған тиімді құралдар да бар, олар Газ жылу қондырғыларын сатқандағы кешен құрамына да кіреді. Ал төңіректегі аудан маңына дым құбырынан шығатын шуға көптеген: Газ жылу қондырғыларын іске қосқандағы шу қуатынан,

қайтадан пайдалануды іске асыратын қазандықтардың газ трактысындағы шуды бәсеңдетуден, соның ішінде оның жылыту қабырғаларының әсеріне, есептеу нүктесіне дейінгі қашықтыққа, дыбыстың ауада бәсеңдеу деңгейі деген сияқты және басқа да факторлар әсер етеді. Сондықтан Газ жылу қондырғыларының шығу трактысындағы шулар әсері аз зерттелген, ал осындай шуды бәсеңдету шараларын іске асыру аз қаралған деуге болады.

Қойылған мақсатқа жету үшін бірнеше мәселені шешу қажет:

- Газ жылу қондырғыларының әр түрлі маркаларының шығуындағы шу сипаттамаларын зерттеу;

-қайтадан пайдалануды іске асыратын қазандықтардың жылыту қабырғаларындағы шу деңгейін төмендетуді тәжірибе арқылы анықтау;

-энергоблоктардағы жақын маңдағы тұрғылықты жерлерге шу әсерін бағалау және шу шығару заңдылықтарының өзгеруін әр түрлі энерго жабдықтардың құрамының әсерімен зерттеу;

-қайтадан пайдалануды іске асыратын қазандықтары бар Газ жылу қондырғыларының құрылысын оңтайландыру арқылы және шуды азайтатын мүмкін болатын іс шараларды ендіру арқылы мәселені қарастыру.

Шу деңгейін азайтуда ғылыми жетістіктерге жету үшін зерттеудің есептеу және тәжірибелік әдістері қолданылады. Шуды азайтуда мыналар көмекке келе алады:

- Газ жылу қондырғыларының электрлік қуатына байланысты оның дыбыстық қуатының қосындысын есептеу қажет;

- орташа қуаты бар, сумен жылытылатын қайтадан пайдалануды іске асыратын қазандықтар қабырғаларындағы шу деңгейін азайту үшін жаңадан алынған тәжірибе нәтижелерін пайдалану керек;

- осындай факторлар көмегімен әр түрлі Газ жылу қондырғылары бар әр түрлі энергоблоктар үшін шу факторы бойынша санитарлық қорғау аумағының мәндерін есептеу;

- Газ жылу қондырғыларының шығу трактысында орналасқан шуды сіңіру типіндегі шу өшіргішін оңтайландыратын әдістерді қолдану.

Мұндай зерттеулердің дәлдік нәтижелері дыбыс теориясына, алынған нәтижелер деректерінің статистикалық өңдеу тәсілдеріне, қаржы салынатын жобаларды бағалау әдістеріне, алынған нәтижелердің басқа да теориялық зерттеулер мен басқа авторлардың еңбектерімен салыстыруға негізделген деуге болады. Осындай зерттеулердің іс жүзіндегі мәнділігі мынада:

- қабырғалар жылытуында пайда болған дыбыс энергиясының өшуін бақылайтын коэффициент көмегімен орташа қуаты бар, қайтадан пайдалануды іске асыратын қазандықтар қабырғаларындағы шу деңгейін азайтуды бақылауға мүмкіндік береді;

- Газ жылу қондырғыларының шығу трактысында орналасқан шуды азайту үшін шуды бәсеңдету іс шараларын қосып отыру қажет;

- Газ жылу қондырғыларының шығу трактысында орналасқан шуды сіңіру типінің шу өшіргішіндегі өту қимасының оңтайлы мөлшерін анықтауға

мүмкіндік беретін әдістерді пайдалану дисконт шығындарды азайтуға көмегін тигізеді, ол өз кезегінде шу өшіргіш құрылымын оңтайландыруға әсер етеді.

Газ жылу қондырғыларының шығуындағы дыбыс деңгейі қуатының мәні октавалық жолақ спектрінде орташа геометриялық жиіліктер бойынша біркелкі үлестірілмеген, олардың үлестірулері Газ жылу қондырғыларының электрлік қуатына емес, оның жеке ерекшеліктеріне байланысты. Газ жылу қондырғыларының шығу трактысындағы шу әсерін зерттеу үшін дыбыс деңгейінің қосындысы деп аталатын критерий-белгі ұсынылған, ол салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік береді, осы белгінің Газ жылу қондырғыларының электр қуаты мәніне тәуелділігі құрылған.

Қайтадан пайдалануды іске асыратын қазандықтарының әр түрлі элементтеріндегі шу деңгейін азайту қарастырылған. Сумен жылытылатын орташа қуаты бар, қайтадан пайдалануды іске асыратын қазандықтар қабырғаларындағы дыбыс деңгейін азайтуды бақылауға мүмкіндік беретін жаңа тәжірибелік деректер алынған. Зерттеулер нәтижесінде қайтадан пайдалануды іске асыратын қазандықтардағы дыбыс деңгейін азайтатын есептеу тәсілдері ұсынылған. Сонымен бірге, қайтадан пайдалануды іске асыратын қазандықтардың әр түрлі геометриялық жиіліктердегі октавалық спектрінің шуды азайту ерекшеліктері де табылған.

Қайтадан пайдалануды іске асыратын қазандықтарының газ трактісіндегі шуды азайту нәтижесінде әр түрлі маркалы Газ жылу қондырғыларының энергоблоктарындағы түтін құбырындағы дыбыс қуатының деңгейінің мәні есептелген. Соның нәтижесінде нормативті бекітілген әдістер бойынша орнатылуға қажетті шу нормасы болатын санитарлық қашықтық мәні табылған, яғни санитарлық, қорғау аумағы анықталған.

Қайтадан пайдалануды іске асыратын қазандықтарының орташа және үлкен қуатты Газ жылу қондырғыларының дыбыс қысымының диапазоны анықталған. Соның нәтижесінде санитарлық-қорғау аумағы станциядан 500 м қашықтықта орналасқан.


Газ жылу қондырғыларының шығу трактысында орналасқан шуды сіңіру типінің шу өшіргішіндегі өту қимасының оңтайлы мөлшерін анықтауға мүмкіндік беретін әдістер де зерттеліп ұсынылған. Ол өз кезегінде Газ жылу қондырғыларының техникалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, қазіргі заманғы қаржылық экономикалық қаржы салу жобаларын бағалау критреиийлерімен бірге, шу өшіргіш құрылымын оңтайландыруға әсер етеді. Оңтайландыру критерийі ретінде дисконт шығындарының қосындыларының ең аз мөлшері қабылданған. Есептелген варианттар түрлері және соның негізінде жасалған талдаулар шу өшіргішіндегі өту қимасы ауданының оңтайлы мәніне әсер етуші факторларды анықтайды.

Құбыр цехында әртүрлі технологиялық үдерістер кезінде шудың неше түрі шығады. Бірінде шу көздері есебінде – технологиялық жабдықтардың өзі болса, басқа жағдайда – зиянды бөлінулер технологиялық үдерістерді орындау кезінде болады.

Әдетте, адамды қоршаған шу көптеген және әртүрлі шу көздерінен пайда болады, оның ішінде негізгілері ретінде көлік құралдарын, өндіріс кәсіпорындарының техникалық құрал жабдықтарын, жеолдетпе және компрессорлық қондырғыларды атауға болады. Сондықтан станцияның құбыр цехында шудың акустикалық есебі жасалады, ондағы негізгі шу көзі ретінде газ құбырының өзін атауға болады.

Шу көздерін табу және олардың шу сипаттамаларын анықтау және ғимарат ішіндегі есептеуге тиісті нүктелерді табу.

Құбыр цехында электр қабылдағыштардың көптеген саны бар, біз бірақ, есептеу үшін шу көздерінің төртеуін ғана аламыз, қалған электр қабылдағыштарды есепке алмаймыз, өйткені осы төрт шу көздері дыбыс қысымының негізін құрады. Келесі суретте, жоғары деңгейдегі дыбыс қысымдары бар электр қабылдағыштар көрсетілген құбыр цехының жоспары берілген.



4.1 сурет – Есептеу нүктесі және шу көздері оналасқан құбыр цехының жоспары

Мұндағы А нүктесі есептеу нүктесіне жатады, ол бөлме ортасында, еденнен 1,5 м биіктікте орналасқан; ал $r_1 - r_2 - r_3 - r_4 -$ акустикалық орталықтардың есептеу нүктелеріне дейінгі қашықтықтары.

Енді есептеу нүктелеріне арналған $L_{доп}$ дыбыс қысымының қажетті деңгейін анықтаймыз.

Көлемі 14400 м^3 болатын өндіріс бөлмесінде бір типтегі 4 шу көздері орналасқан: газ құбырлары, олар $ИШ_I$ (L_{p1}) деп белгіленген. Әр шу көздерінің дыбыс қуаты деңгейінің мәндері келесі кестеде көрсетілген. Акустикалық орталықтардың есептеу нүктелеріне дейінгі қашықтықтары: r_1=38 м, r_4=38, r_3=16 м, r_2=16;

4.1 кесте – Шу көздерінің дыбыс қуаты деңгейінің мәндері.

Шамасы, дБ	Октава жолағындағы орташа геометриялық жиілік, Гц.							
	63	125	250	500	1000	2000	4000	8000
L_{p1}	131	132	133	136	135	134	140	134

Бөлме тұрақтысының мәні келесі формула бойынша анықталады:

$$B = B_{1000} \cdot \mu, \tag{4.1}$$

мұндағы B_{1000} – орташа геометриялық жиілігі 1000 Гц болатын бөлме тұрақтысы, оның мәнін бөлме типі мен көлемі бойынша кестеден анықтаймыз. Көлемі $V = 14400$ м^3 болатын көрсетілген цех үшін және ондағы көп емес адамдар үшін (құбыр цехындағы) тұрақтыны анықтаймыз:

$$B_{1000}, = \frac{V}{20} = \frac{14400}{20} = 720м^3$$

Ал бөлменің бірнеше шу көздері бар есептеу нүктелері үшін, L, дБ дыбыс қысымының октавалық деңгейін тура және қайтадан қайтару аумағында мына формула бойынша анықтаймыз:

$$L = 101q(i = 1\sum_{i=1}^{m} \frac{\Delta i \cdot k_i}{S_i} + \frac{4\varphi}{B}\sum_{i=1}^{n} \Delta i, \tag{4.2}$$

мұндағы $\Delta i = 10^{0,1} L_{pi}$;

L_{pi} – і-ші шу көздері тудырған дыбыс қуатының октавалық деңгейі;

m – есептеу нүктелеріне жақын (яғни, мәндері $r_i < 5$ болатын, мұндағы r_{min}– шудың акустикалық көздерінен есептеу нүктелеріне дейінгі қашықтықтары) орналасқан шу көздерінің саны;

n – бөлмедегі шу көздерінің жалпы саны.

Шулардың жалпы көздерінің саны бұрынғыша қалады, яғни 4 электр қабылдағыш. Шу көздерінің ең көп сыртқы тұрқы өлшемдері $l_{max} = 7,6$ м тең. Демек, барлық шу көздері үшін 2 $l_{max} < r_{min}$, шарты орындалуы қажет, сондықтан мына формуланы $S_i = 2\pi r^2$ қабылдаймыз. Ал шамасы $\frac{r_i}{l_{max}} = 2$ тең, сондықтан $k_i = 1$. Енді есепте нүктесінде барлық шу көздері үшін формула бойынша дыбыс қысымы деңгейінің қосындысын $L_{общ}$ анықтаймыз.

μ - жиілік көбейткіші, ол бөлме көлеміне байланысты. Аталған цех үшін μ мәндері келесі кестеде келтірілген.

4.2кесте – Көлемге байланысты оның тұрақтысы

Бөлме көлемі, м^3	жиілік көбейткіші							
	63	125	250	500	1000	2000	4000	8000
V>1000	0,5	0,5	0,55	0,7	1,0	1,6	3,0	6,0

Енді формула бойынша қажетті шу төмендетілуі анықталады:

$$\Delta L_{TP} = L_{\text{общ}} - L_{\text{доп}}, \qquad (4.2)$$

мұндағы $L_{\text{общ}}$ – барлық шу көздерінің есептеу нүктесіндегі дыбыс қысымының октавалық деңгейі;

$L_{\text{доп}}$ – жұмыс орнына, аталған цехқа арналған дыбыс қысымы деңгейінің дәлдік шегінің мәндері келесі кестеде келтірілген.

4.3 кесте – Дыбыс қысымы деңгейінің дәлдік шегінің мәндері

F, Гц	63	125	250	500	1000	2000	4000	8000
$L_{\text{доп}}$	99	92	86	83	80	78	76	74

Қазандық цехындағы есептеу нәтижелері келесі кестеде келтірілген

4.4 кесте – Шу деңгейін есептеу нәтижелері (шу көздері бойынша)

Шама	Бірлік өлшемі.	Октавалық жорлақтың орташа геометриялық жиіліктері, Гц.							
		63	125	250	500	1000	2000	4000	8000
L_{pl}	дБ	121	122	123	126	125	124	130	124
Δl	-	$1{,}6\cdot10^{8}$	$1{,}6\cdot10^{8}$	$1{,}9\cdot10^{8}$	$4\cdot10^{8}$	$3{,}2\cdot10^{8}$	$2{,}5\cdot10^{8}$	10^{9}	$2{,}5\cdot10^{8}$
$S_{10}=2\pi r_1^2$	м^2	9068,32							
$S_{10}=2\pi r_2^2$	м^2	1607,68							
$10^{0,1L_{pl}}/S_1$		$1.38\cdot10^{3}$	$1.74\cdot10^{4}$	$2{,}2\cdot10^{4}$	$4{,}39\cdot10^{5}$	$3{,}4\cdot10^{5}$	$2{,}7\cdot10^{4}$	$1{,}1\cdot15^{8}$	$2{,}7\cdot10^{4}$
$10^{0,1L_{pl}}/S_2$		$1{,}18\cdot10^{4}$	$1{,}4\cdot10^{5}$	$1{,}89\cdot10^{5}$	$3{,}7\cdot10^{6}$	$2{,}9\cdot10^{6}$	$24\cdot10^{4}$	$9{,}3\cdot15^{9}$	$24\cdot10^{4}$
$B_{\text{ш}1000}$	720								
μ		0,5	0,5	0,55	0,7	1,0	1,6	3,0	6,0
$B_{\text{ш}} = B_{\text{ш}1000}\cdot\mu$		360	360	396	504	720	1152	2160	4320
$4/\text{B}_{\text{ш}}$		$1, \cdot110^{-2}$	$1{,}1\cdot10^{-2}$	10^{-2}	$7{,}9\cdot10^{-3}$	$5{,}5\cdot10^{-3}$	$3{,}4\cdot10^{-3}$	$1{,}8\cdot10^{-3}$	$0{,}9\cdot10^{3}$
$\Sigma10^{0,1\text{Lp1}}$		$11{,}4\cdot10^{8}$	$11{,}4\cdot10^{8}$	$4{,}8\cdot10^{9}$	$4{,}8\cdot10^{9}$	$6\cdot10^{9}$	$7{,}5\cdot10^{9}$	$6\cdot10^{9}$	$4{,}8\cdot10^{9}$
$\Sigma10^{0,1\text{Lp2}}$		$5{,}2\cdot10^{7}$	$6{,}4\cdot10^{8}$	$7{,}6\cdot10^{8}$	$1{,}6\cdot10^{9}$	$1{,}2\cdot10^{9}$	10^{9}	$4\cdot10$	10^{9}
Σ пп. (1+2)		$11{,}9\cdot10^{8}$	$17{,}8\cdot10^{8}$	$5{,}6\cdot10^{9}$	$6{,}7\cdot10^{9}$	$7{,}2\cdot10^{9}$	$8{,}5\cdot10^{9}$	10^{10}	$5{,}8\cdot10^{9}$
$\text{L}_{\text{общ}}$ =10lg(п.14)		111,4	119,2	121,7	124,3	117,7	115,5	121	110,4
$\text{L}_{\text{доп}}$		99	92	86	83	80	78	76	74

Құбыр цехы үшін, шуды азайтудың қажетті шамасы $\Delta\text{L}_{\text{тр}}$ оң мәнде болғандықтан, шуды азайту шаралары қажет.

Өндіріс нысандарында шуды азайту әдістерінің біріне оның көздеріндегі шуды азайту не төмендету кіреді. Құрылыс нормалары мен ережелері шудан қорғанудың құрылыс-акустикалық әдістерін пайдаланады. Ол шу деңгейін азайту үшін келесі шараларды ұсынады:

1. Қоршау конструкцияларын дыбыстан оқшаулау; терезе, есік, қақпа периметрлері бойынша тығыздау; қоршау конструкцияларының айқасқан жерлерін инженерлік конструкциялар арқылы дыбыстан оқшаулау; дыбыстан оқшаулау бақылау кабиналарына және қашықтықтан басқаруға арналған құрылғылар; тығылу жерлері; қаптар, құндақтар;

2. Дыбыс сіңіруші конструкциялар мен экрандар;

3. Шу өшіргіштері.

Шудан қорғанудың жеке құралдары есебінде арнайы құлақ қаптар мен құлақ қуысшаларына арналған тығындар, негізгі әсері дыбысты жұтып, оқшаулаға арналған шуға қарсы каскалар қолданылады.

4.2 Санитарлық аумақты есептеу

Түтін құбыры биіктігін келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$H = \sqrt{\frac{A \cdot M \cdot \eta \cdot m \cdot n}{(ПДК - C_{\Phi}) \cdot \sqrt[3]{V_r \cdot \Delta T}}}, \qquad (4.3)$$

мұндағы A=200 – ауа атмосферасының стратификациясының температурасына тәуелді коэффициент;

M – зиянды заттар лақтырылу қуаты, г/с.

$$M = 2 \cdot M_{SO_2} + 5{,}88 \cdot M_{NO_2} = 2 \cdot (7{,}71 + 5{,}88 \cdot 3{,}28) = 53{,}99 г/с,$$

F – атмосфералық ауада зиянды заттар түсу жылдамдығын есепке алатын өлшемсіз, F=1;

η – жер бедерін есепке алатын өлшемсіз коэффициент, η=1;

m, n – газ түтіндерін құбырдан шығу шарттарын есепке алатын өлшемсіз коэффициент, f және V_mбайланысты анықталады;

ПДК – зиянды заттардың жіберу шегінің қоюлығы, мг/м^3;

$C_ф$ – зиянды заттардың фондық қоюлығы, мг/м^3;

$V_г$ – газ ауалық қоспаның құбырға кету мөлшері, кг/с;

ΔT – лақтырылу газдары температурасы мен жылдың ең ыстық айындағы сыртқы ауаның орташа ең көп температурасы арасындағы айырмашылық:

$$\Delta T = 350 - 27 = 323^0 C, \qquad (4.4)$$

Енді f және V_m параметрлерін анықтаймыз:

$$f = 1000 \cdot \frac{\omega_0^2 \cdot D}{H^2 \cdot \Delta T} = 1000 \cdot \frac{25^2 \cdot 1{,}94}{120^2 \cdot 323} = 0{,}261, \qquad (4.5)$$

мұндағы ω_0 – газ түтінінің құбырдан шығу жылдамдығы, м/с, ол құбыр биіктігіне байланысты анықталады (құбыр биіктігін Н = 120м деп, ал оның жылдамдығын ω_0=25 м/с деп қабылдаймыз);

D – құбыр аузының диаметрі, оны былайша анықтаймыз:

$$D = \sqrt{\frac{4 \cdot V_г}{\pi \cdot \omega_0}} = \sqrt{\frac{4 \cdot 2 \cdot 36{,}82}{\pi \cdot 25}} = 1{,}94м, \qquad (4.6)$$

$$V_м = 0{,}65 \cdot \sqrt{\frac{V_г \cdot \Delta T}{H}} = 0{,}65 \cdot \sqrt{\frac{2 \cdot 36{,}82 \cdot 323}{120}} = 3{,}79м, \qquad (4.7)$$

Ал *f*<100 болғандықтан, онда m келесі формула арқылы анықталады:

$$m = \frac{1}{0{,}67 + 0{,}1\sqrt{f} + 0{,}34\sqrt[3]{f}} = \frac{1}{0{,}67 + 0{,}1\sqrt{0{,}261} + 0{,}34 \cdot \sqrt[3]{0{,}261}} = 1{,}07,$$

Ал $V_М$>2 болғандықтан, онда n=1.

Күкірт ангидридінің орта тәуліктік жіберу шегінің қоюлығы $ПДК_{SO_2}$=0,05 мг/м^3 мәніне тең. Сонымен бірге, SO_2 фондық қоюлығы мәнін $С_ф$=0,005 мг/м^3 шамасында қабылдаймыз.

Түтін құбырының ең аз биіктігін анықтайық:

$$D = \sqrt{\frac{200 \cdot 53{,}99 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1{,}07 \cdot 1}{(0{,}05 - 0{,}005) \cdot \sqrt[3]{2 \cdot 36{,}8 \cdot 323}}} = 94{,}5м, \qquad (4.8)$$

Бұдан ары қарайғы есептеулер үшін түтін құбыры мәнін Н=95м тең деп қабылдаймыз.

Ауа райының жағымсыз метеожағдайларына байланысты, шығу көздерінен $Х_м$ қашықтықта орналасқан жылу электр станияларындағы диаметрлері дөңгелек болып келетін газ түтіндерін құбырларынан шығатын жерге түсетін зиянды заттар қоюлығының ең көп мәні келесі формула арқылы анықталады:

$$C_м = \frac{A \cdot M \cdot \eta \cdot m \cdot n}{H^2 \cdot \sqrt[3]{V_г \cdot \Delta T}} = \frac{200 \cdot 53{,}99 \cdot 1 \cdot 1{,}07 \cdot 1 \cdot 1}{95^2 \cdot \sqrt[3]{2 \cdot 3{,}68 \cdot 323}} = 0{,}0445мг/м^3, \qquad (4.9)$$

$$C_м = 0{,}0445мг/м^3 < ПДК = 0{,}05мг/м^3$$

Ауа райының жағымсыз метеожағдайларына байланысты лақтырылу көздерінен $Х_м$ қашықтықта орналасқандағы жерге түсетін С қоюлығының $С_м$ - ең үлкен мәнін мына формула арқылы анықтаймыз:

$$X_м = \frac{5-F}{4} \cdot d \cdot H = \frac{5-1}{4} \cdot 0{,}1607 \cdot 95 = 15{,}27 м \qquad (4.10)$$

мұндағы d – өлшемсіз коэффициент, оны мына формула арқылы анықтаймыз:

$$d = 7 \cdot \sqrt{V_м \cdot (1 + 0{,}28 \cdot \sqrt[3]{f})} = 7 \cdot \sqrt{329} \cdot (1 + 0.28\sqrt[3]{0{,}261}) = 16{,}07 м$$

Ал, жел жылдамдығы $V_М$ болғанда, жерге түсетін зиянды заттар қоюлығының С (мг/м^3) мәні келесі формула арқылы анықталады:

$$C = S_1 \cdot C_м \qquad (4.12)$$

мұндағы S_1 – өлшемсіз коэффициент, оны $x/x_м$ қатынасы бойынша мына формула арқылы анықтаймыз:


Х,м	Х/Хм	S1	С
200	0,1333	0,08865	0,00395
400	0,2667	0,29013	0,01291
600	0,4	0,5248	0,02335
800	0,5333	0,73576	0,03274
1000	0,6667	0,88889	0,03956
1200	0,8	0,9728	0,04329
1400	0,9333	0,99887	0,04444
1527	1	1	0,0445
1600	1,0667	0,9844	0,04381
1800	1,2	0,95182	0,04236
2000	1,3333	0,91787	0,04085
2200	1,4667	0,88306	0,0393
2400	1,6	0,84784	0,03773
2600	1,7333	0,81261	0,03616
2800	1,8667	0,77771	0,03461
3000	2	0,74342	0,03308
3200	2,1333	0,70996	0,03159
3400	2,2667	0,67749	0,03015
3600	2,4	0,64616	0,02875
3800	2,5333	0,61604	0,02741
4000	2,6667	0,58718	0,02613
4200	2,8	0,55963	0,0249
4400	2,9333	0,53338	0,02374
4600	3,0667	0,50842	0,02262
4800	3,2	0,48473	0,02157
5000	3,3333	0,46227	0,02057

$$S_1 = 3 \cdot \left(\frac{x}{x_м}\right)^4 - 8 \cdot \left(\frac{x}{x_м}\right)^3 + 6 \cdot \left(\frac{x}{x_м}\right)^2, при \frac{x}{x_м} \le 1$$

$$S_1 = \frac{1{,}13}{0{,}13 \cdot \left(\frac{x}{x_м}\right)^2 + 1}, при 1 \le \frac{x}{x_м} \le 1$$

$$S_1 = \frac{\frac{x}{x_м}}{3{,}58 \cdot \left(\frac{x}{x_м}\right)^2 - 35{,}2 \cdot \left(\frac{x}{x_м}\right) + 120}, при \frac{x}{x_м} \ge 8$$

Қашықтығы 5000 м болғандағы зиянды заттар қоюлығын анықтаймыз.



4.2 сурет – Қашықтықтағы зиянды заттар шоғырлануы

Өнеркәсіптің санитарлық-қорғау аумағының шекарасын келесі формула анықтайды:

$$L = L_0 \cdot \frac{P}{P_0}, \qquad (4.13)$$

мұндағы L (м) – С33 есептелген өлшемі;

L_0 (м) – зиянды заттар шамасы ПДК артық болатын бағытындағы жер аймағының есептелген өлшемі;

P (%) – қарастырылған румбтағы жел бағытының жылдық қайталануының орташа шамасы;

P_0 (%) – бір румбтағы шеңберлік роза желі бағытының қайталануының орташа шамасы.

Сегіз румбтағы шеңберлік роза желі бағытынында P_0 = 100/8 = 12.5 %
Есептеулерді газдар үшін жүргіземіз.

4.6 кесте – Жел бағытының қарқындылығы

Аймақ	С	СВ	В	ЮВ	Ю	ЮЗ	З	СЗ
Құмкөл	23	18	11	3	5	8	15	17

Газдар үшін:

$$L = 1527 \cdot \frac{23}{12,5} = 2809,6;$$

$$L = 1527 \cdot \frac{18}{12,5} = 2198,88;$$

$$L = 1527 \cdot \frac{3}{12,5} = 366,48;$$


$$L = 1527 \cdot \frac{11}{12,5} = 1343,76;$$

$$L = 1527 \cdot \frac{5}{12,5} = 610,8;$$

$$L = 1527 \cdot \frac{8}{12,5} = 977,28;$$

$$L = 1527 \cdot \frac{15}{12,5} = 1832,4;$$

$$L = 1527 \cdot \frac{17}{12,5} = 2076,72.$$



4.3 сурет – Санитарлық - қорғау аумағы

4.3 Электр қауіпсіздігін қамтамасыз ететін техникалық шараларды ұйымдастыру

Жұмыс істеп тұрған электр қондырғыларда мыналар орындалады:

а) жедел қызмет көрсету, соның ішінде:

1) электр жабдықтарын мерзімді түрде қарап тұру, бөлмелерді тазалау, ағымдағы пайдалануда жүргізілетін ұсақ түйек жөндеулер, кернеуді алып тастауды қажет етпейтін басқа да жұмыстар;

2) схеманы және электр қондырғылар жұмыс режимдерін өзгертуге байланысты жедел түрде ауыстыру жұмыстары;

б) жөндеу жұмыстары, соның ішінде:

1) барлық электр қондырғыларынан немесе оның бір бөлігінен кернеуді алып тастауды қажет ететін, электр қондырғыларды сынау және мерзімді түрде жөндеу жұмыстары;

2) апаттық жөндеу жұмыстары;

3) электр қондырғыларын жинақтау немесе қайтадан шашып тастау жұмыстары.

Электр қондырғыларымен жұмыс істеу қауіптілігіне онымен жұмыс істеген адамды электр тогы соғуы мүмкіндігі жатады. Қауіпсіз жұмыстың негізінде қызмет көрсетуші адамдардың өте жоғары техникалық сауаттылығы мен тәртіптілігі және олардың электрлік және қауіпсіздік нормалары мен ережелерін қатаң сақтауы жатады.

Электр қондырғыларымен жұмыс істеу қауіпсіздік деңгейлеріне және кернеулері 110 кВ және одан да жоғары болатын электр қондырғыларындағы қажетті қорғау шараларын мына топтарға бөледі:

I топ – кернеуді алып тастамай ақ жүргізілетін жұмыстар, ол ток өткізгіш бөліктерден алыс жерде орындалады. Жабдықтарды өшіру қажет

емес. Кернеу астында болатын ток жүргізлген бөліктермен жанасу болмайды, яғни ток соғу ықтималдығы өте аз.

II топ – кернеуді алып тастамай ақ жүргізілетін жұмыстар, ол кернеуі бар ток өткізгіш бөліктерге жақын жерде орындалады. Жұмыстың алдында жұмыс істеуші адамдардың қаіпсіздігін қамтамасыз ететін техникалық және қорғаудың ұйымдастыру шаралары орындалуы тиісті. Жұмыс ток жүргізлген бөліктермен жанасуда оқшаулау құралдары көмегімен орындалады.

III топ – кернеуді жартылай алып тастайтын жұмыстар. Кернеу жұмыс атқарылып жатқан жерде ғана алып тасталады немесе оны толығынан электр қондырғысынан өшіреді, яғни алып тастайды, дегенмен бұл жағдайда, ток өткізуші бөліктер кернеу астында тұрған көрші бөлмеге қатынау мүмкіндігі бар.

IV топ – кернеуді толық алып тастайтын жұмыстар. Электр қондырғының барлық элементтерінен 110 кВ кернеу алынып тасталады. снято. Ток өткізуші бөліктері кернеу астында тұрған көрші бөлмеге қатынау мүмкіндігі жоқ.

Электр қондырғыларда өндірілетін жұмыстар атқарылғанда, барлық техникалық, ұйымдастыру шаралары үлкен абайлықпен орындалуы қажет, ол жағдайда жұмыс істеп тұрған жерге кернеудің кездейсоқ қосылуынан, кернеу астында қалған ток өткізуші бөліктерге кездейсоқ жақындаудан абай болған жөн.

Электр қондырғыларды қарап шығу олардан кернеуді алмай ақ ток өткізуші бөліктерден алыс орналасқан жерден бақыланады. Ақауларды тану көзбен көру және құлақпен есту арқылы жүргізіледі. Электр қондырғыларды жеке қарап шығу құқығы біліктілігі III топтан төмен емес кезекші немесе біліктілігі V тобы рұқсаты бар әкімшілік-техникалық қызметшілерінде болады.

Әдетте, жеке қарап шығу кезінде белгіленген қоршаулардан шығуға немесе оларды алып тастауға болмайды, қоршаулары жоқ үлестіргіш құрылғылар камераларына кіруге де болмайды. Қажет болған жағдайда біліктілігі IV топтан төмен емес жұмысшыға қоршауға кіруге болады, бірақ бұл жағдайда ток өткізуші бөліктерге қатынау болмайды, яғни оқшаулығыштың төменгі біріктіру бөлігі (фланец) еденнен 2 м жоғары, ал қоршалмаған ток өткізуші бөліктері – кернеу 35 кВ болғанда еденнен 2,75 м жоғары, ал кернеу 110 кВ болғанда еденнен 3,5 м жоғары орналасады.

Электр қондырғылар орналасқан бөлмеге бөгде адамдар немесе жануарлар кіріп кетпеу үшін бөлмені бекітіп жабады.

Электр схемаларын өшіру тек кезекші құрам (персонал) өкімімен орындалады.

Ажыратқышқа дұрыс емес операциялары бар толық матаумен (блокировка) жабдықталмаған кернеуі 110 кВ болатын электр қондырғыларында, күрделі алмастырулар арнайы бланктар бойынша жасалады.

Алмастыру бланкілерінде электр қондырғыларында іске қосылған немесе алынып тасталған операциялар жайындағы барлық жазбалар көрсетіледі, ол осы операциялар қандай кезекпен орындалды сол реті бойынша толтырылады.

Ажыратқышқа дұрыс емес операциялары бар толық матаумен (блокировка) жабдықталған электр қондырғыларында қарапайым қосылу немесе алып тастау операциялары бланкісіз де орындалады.

Қосылуды ажыратқыштар көмегімен іске қосады немесе өшіреді. Егер ажыратқыштың қол жетегі болса, онда жасалатын операциялар негізді оқшаулайтын диэлектрлік қолғаптар көмегімен орындалады. Ажыратқышты тез және аяғына дейін түсіру арқылы орындау қажет.

Ажыратқыштарды жұлқып іске қосу керек. Егер сол кезде доға пайда болса, онда пышақтарын аяғына дейін жеткізу қажет. Керісінше жағдайда, пышақтың кері жүрісі доғаны құрып, ол қайғылы жағдайға әкелуі мүмкін. Ал ажыратқыштарды өшіргенде, керісінше, баяу, жайлап орындау керек, ол әсіресе бастапқы сәтте қажет. Егер пышақтар қайтқанда доға пайда болса, онда ажыратқышты қайта қосу керек.

Ажыратқыштарды диэлектрлік қолғаптар көмегімен өшіреді (қосады). Фазалық басқаруы бар және тік орналасқан ажыратқыштарды қосуды немесе өшіруді оқшаулау штангісі бар, оқшаулау негізізі бар тақтада тұру арқылы диэлектрлік қолғаптар көмегімен іске асырады. Осы жұмысты орындағанда топ жетекшісінің ең үлкені ретінде біліктілігі IV топтан төмен емес кезекші тағайындалады. Бір электрлік қондырғыларда қарапайым алмастыруларды біліктілігі IV топтан төмен емес жедел кезекші құрамы орындайды. Кернеу бар жоғын тексеру, алынып жүретін жер тұйықтағыштарды қоюға немесе алуға екі орындаушы болуы қажет.

Алмастыруларды орындайтын адамдар құрамы қалыпты пайдалау жағдайында да, апатты жағдайда да егер кернеу жоқ болып кетсе, ол қайтадан ескертусіз берілуі мүмкін екенін білуі қажет.

Жөндеу-реттеу жұмыстары. Электр қондырғыларды техникалық түрде пайдалану үшін орнатылған электр жабдықтарын жөндеп отыру қажет. Бұл жұмыстарда электр тогымен соққы алу қауіпі бар. Кернеуі 110 кВ болатын қондырғыларда, әдетте, жұмысты ең аз дегенде екі адам орындайды, олардың біреуінің біліктілігі IV топтан төмен емес топта болуы қажет. Электр тогынан соққы алу қауіпі болғандықтан, жұмыстың алдында қорғаудың техникалық және ұйымдастыру шаралары орындалуы керек. Техникалық іс шаралар келесі тәртіппен орындалады:

а) кернеуді өшіреді және оны жұмыс істеп жатқан жерге кездейсоқ келтірмеу шараларын орындайды: матауды іске қосады, ажыратқыш пен қосқыш жетегіне механикалық тығындамаларды қояды, сақтандырғышты алып тастайды, уақытша қоршаулар құрады;

б) коммутациялық аппаратурада, тұрақты және уақытша қоршауларда ескерту плакаттарын іледі;

в) жерге тұйықтағыш құрылғысына алып жүретін тұйықтағыш қысқышын қосады;

г) құрылғының жұмыс істеуге қажетті бөлігінде кернеу өшірілген бе жоқ па, соны тексереді, егер ол жоқ болса, бірден құрылғының ток өткізгіш бөлігіне алып жүретін тұйықтағышты қосады;

д) жұмыс істеп жатқан жерге «Осында жұмыс істе» деген плакатты іледі. Жұмыс істеп жатқан жердегі жөндеуге тиісті жабдықтарды өшіреді, жұмыс істегенде жақын орналасатын қауіпті ток өткізгіш бөлігін де өшіреді. Өшірілген бөлікті барлық жағынан бөлектейді, оны кернеу берілетін жақтан, көрініп тұратын бөлектегішпен, жүктеме өшіргіштерімен немесе егер қосылуда автоматты жетегі болмаса, онда бөлектегіштермен қоршайды.

Тек қана өшіргішпен бөлектелген жабдықтарда жұмыс істеуге болмайды. Төменгі кернеу жағындағы кері трансформмациядан қауіп болмауы үшін күштік және өлшегіш трансформаторларды орташа да, төменгі де кернеулерден өшіреді.

Қолмен басқаруы бар ажыратқыштардың жетектерін қате түрде немесе өз бетінше қосылудан сақтау үшін механикалық түрде аспалы құлыппен, арнайы болтпен немесе мұрындықпен (штифт) жабады. Пневматикалық басқаруы бар ажыратқыштардың жетектерін ауа келтіретін шұрасын (вентиль) жабады. Толтырғыштардағы ауаны шығарады. Қашықтықтан басқаруда күш тізбегіндегі екі полюстың да сақтандырғыштарын (предохранители) шешеді.

Егер жұмыс атқарылып жатқан жерге жақын орналасқан ток өткізгіш бөліктерін өшіру мүмкін болмаса, онда оларды сенімді түрде қоршайды. Мұндай қоршауларды өте мұқият түрде, міндетті түрде екінші адаммен бірге орнатады.

Жөндеу жұмыстары бөліктеріндегі қоршауларда және көрші тұрақты қоршау ұяшықтарында «Тоқта — жоғарғы кернеу!» деген плакаттар іледі.

Жөндеу жұмыстары бөліктерінің ашық алаңдарында бөлік периметрі бойынша арқан тартады. Арқанға «Тоқта — жоғарғы кернеу!» деген плакаттар іледі. Оларды жұмыс жағының ішіне қаратып іледі. Егер жұмыстар жоғарғы биіктікте өтсе, онда жұмыс орнына шығатын конструкция бойына «Шығу осы жерде», көрші конструкцияда «Шықпа — өлесің!» деген плакаттар іледі. Жұмыс істеп жатқан жерге «Жұмысты осында орында» деген плакат іледі.

Уақытша қоршаулар мен плакаттарды ауыстыруға немесе алып тастауға болмайды, оларды алып тастауға жұмыс орнын дайындайтын жедел құрамдардың ғана құқы бар.

Өшірілген құрылғыларына кездейсоқ немесе қате жағдайда кернеу берілмеуін қадағалау үшін барлық басқару кілттері мен ажыратқыш, өшіргіш, рубильниктерде және де басқа коммутациялық аппаратураларда мынандай плакаттар ілінеді: «Қоспа — адамдар жұмыс жасауда». Егер өшірулер электр желілерінде жұмыс орнын дайындауға қатысты болса, онда мынандай плакаттар ілінеді: «Қоспа — желіде жұмыс жасалуда».

Кернеу өшірілген соң, оның жоқ екеніне көз жеткізу қажет, содан соң бірден өшірілген ток өткізгіш бөліктерін жерге тұйықтау қажет. Ол үшін жұмыс орындарындағы тұрақты қоршауларды алып тастайды. Алып жүретін жер тұйықтағыштарын бір ұшын жер тұйықтағыш контурына қосады (оның бос ұштарын онда кернеу жоқ екеніне көз жеткізген соң ток өткізгіш бөліктеріне қосады). Кернеудің жоқ екенін арнайы нұсқағышпен тексереді.

Қорытынды

Бұл дипломдық жұмыста жылу электр станциясының газ құбырларын пайдалану арқылы қуаты 4х32 МВт болатын бас схемасын таңдау негіздемесін орындау келтірілген.

Жұмыстың негізгі бөлігінде газ құбырлық қондырғылар базасындағы жылу электр станциясының артықшылықтары, олардың өзіндік ерекшеліктері, жүйе әректінің принциптері қарастырылған және қондырғының негізгі құрамдас бөліктері сипатталған. Жобаланатын нысанның аумақтағы өндірістік жағдайларға қалай ыңғайланатына, отынмен қалай қаматамсыз етілетініне, қандай пайдаланушыларға қызмет көрсететініне және облыстағы электр энергия тапшылығына қалай әсер ететініне ерекше көңіл бөлінген. Сонымен бірге жұмыста құрылатын станция газ негізінде жұмыс істеуі үшін мұнай кен орындарындағы ілеспе газдарды жинақтау мәселесі де қарастырылған.

Жұмыстың электрлік бөлігінде жүктеме графиктері, өндірілетін қуат графиктері келтірілген. Бұл графиктер негізінде негізгі құрал жабдықтар таңдалаып алынған, қысқа тұйықтау токтары есептелген. Бұл токтар есептеулері станцияға арналған коммутациялық құрал жабдықтарды таңдау үшін қажет. Сонымен бірге осы бөлікте к.з. токтарына арналған компьютерлік есептеулер жүргізілген.

Экономикалық бөлігінде жобаның қайтарым мерзімі және өндірілетін электр энергиясының өзіндік құнын есептеу келтірілген. Алынған деректер нәтижесінде станция региондағы басқа энергетикалық нысандармен бәсекеге түсе алатын қабілеті бар екенін көрсетті.

Тіршілік қауіпсіздігіне арналған бөлікте шу әсерлерін есептеулер мен нысанның санитарлық аумағын есептеулері берілген.

Әдебиеттер тізімі:

1 Хожин Г.Х. Электроэнергетика (Электр станциялары). Оқулық. Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі бекіткен. ЖШС РПБК «Дәуір», Алматы, 2014.

2 www.abb.com

3 Хожин Г.Х. Электрическая часть электростанций. Учебное пособие АЭИ, Алматы, 1995., 75с

4 Л.Д.Рожкова, В.С.Козулин Электроорудование станций и подстанций: Учебник для техникумов.- 3-е изд., перераб. и доп.-М.: Энергоатомиздат, 1987.- 648 с.:ил.

5 Производственная инструкция по эксалутаций резевного возбуждения. Электрический цех ПИ-ТЭЦ-2-ЭЦ-017

6 Дюсебаев М.К. Охрана труда и безопасность жизнедеятельности.-А.,2011

7 Еңбекті қорғау және өміртіршілік қауіпсіздігі негіздері. Дәрістер жинағы.-А.,2007

8 Л.Ш. Валиева, А.А. Жакупов. Организация и планирование производства. Управление предприятием. Методические указания к курсавой работе (для специальности 10,02 всех форм обучения). – Алма-ата: АЭИ, 1989.

9 Хожин Г.Х. Электрическая часть электростанций. Учебное пособие АЭИ, Алматы, 1995., 75с

10 http://www.vsoyuz.com/ru/produkcija/cb/generatornye-vyklyuchateli/vgg-10.htm

11 Некплепаев Б.Н., Крючков И.П. Эл. часть станций и подстанций. М.: Энергоатомиздат, 1989 г.

12 Л.Ш.Валиева, А.А. Жакупов. Организация и планирование производства. Управление предприятием. Методические указания к курсавой работе (для специальности 10,02 всех форм обучения). – Алма-ата: АЭИ, 1989.

13 Хожин Г.Х., Соколов С.Е., Кузембаева Р.М. Электрические станции и подстанции, Методические указания к выполнению расчетно- графической работы №1 для всех форм обучения специальности 050718-Электроэнергетика, Алматы, АИЭС: 2009., 39с.